

Б.Қ. Смағұлов¹ , А.Ш. Ермекбаева^{2*} 

¹Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейі, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: ainur3star@mail.ru

1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДА ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Мақала көрсетілген кезеңдегі қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін зерттеудің ұйымдастырушылық аспектілеріне арналған. Жұмыстың негізгі мақсаты 1920 жылдары қазақ өлкесінде жүргізілген этнографиялық жұмыстың негізгі ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Мақаланы жазу үшін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорларындағы материалдар пайдаланылды. Сондай-ақ, 1920 жылдары кезеңіндегі экспедициялардың нәтижесінде жазылған авторлардың мақалалары да басты назарда болды. 1920 жылдардың бас кезеңінде Қазақ КСР Ағарту халық комиссариатының деңгейінде қазақ ауылдарына этнографиялық экспедиция ұйымдастыру туралы мәселесі көтерілді. Нәтижесінде Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс өңірлерінде (Жетісу мен Шығыс Қазақстан) зерттеу жұмыстарын жасау мақсатында Кеңес Одағы Ғылым академиясының бірнеше жасақтан тұратын Қазақстан экспедициясы құрылды. Әр ұйымдастырылған экспедициялардың нәтижелері жинақ ретінде жарияланып отырған. Мақалада қазақ өлкесінің XX ғасырдың 20 жылдардағы екінші жартысы кезеңінде оңтүстік-шығыс, шығыс, сондай-ақ батыс (Маңғыстау) өңірлерінде жүргізілген экспедицияларға талдау жасалынды. Сондай-ақ, архивтік материалдар негізінде қазақ халық әндерін жинақтаған А. Затаевич пен Қазақ Республикасы Ағарту халық комиссариаты Ғылыми комиссиясының төрағасы болған А. Чулошниковтың ғылыми қызметі мен жасаған жұмыстарына қатысты тың деректер пайдаланылды.

Түйін сөздер: Жетісу қазақтары, Адай уезі, дәстүрлі мәдениет, кеңес этнографтары, этнографиялық экспедициялар, қазақтардың мәдениетін зерттеу.

B. Smagulov¹, A. Yermekbayeva^{2*}

¹Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: ainur3star@mail.ru

Some aspects of the ethnographic studies in Kazakhstan in period of the 1920s

This article is devoted to organizational aspects of the organization of scientific ethnographic research. The main purpose of the work is to identify the main features of the ethnographic work carried out in the 1920s in the Kazakh region. For writing this article, materials from the funds of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan were used. At the same time, the focus was also on the authors' articles written as a result of the expeditions of the period of the 1920s. In the early 1920s, at the level of the People's Commissariat of Education of the Kazakh SSR, the question of organizing an ethnographic expedition to the Kazakh villages was raised. As a result a Kazakhstan expedition was created, consisting of several detachments of the Academy of Sciences of the Soviet Union with the aim of conducting research in the southeastern and eastern regions of Kazakhstan (Zhetysu and East Kazakhstan). The article analyzes the expeditions conducted in the South-Eastern, Eastern, and Western (Mangistau) regions of the Kazakh territory during the second half of the 20s of the twentieth century. Also, on the basis of archival materials, new previously unknown data were used regarding the scientific activities and work of the collector of Kazakh folk songs A. Zatajevich and the chairman of the scientific commission of the People's Commissariat of Education of the Kazakh Republic A. Chuloshnikov.

Key words: Kazakhs of Jetisu, Aday district, traditional culture, Soviet ethnographers, ethnographic expeditions, the study of the culture of the Kazakhs.

Б.К. Смагулов¹, А.Ш. Ермекбаева^{2*}

¹Центральный государственный музей Республики Казахстан, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: ainur3star@mail.ru

Некоторые аспекты этнографических исследований в Казахстане в 1920-е годы

Статья посвящена организационным аспектам изучения традиционной культуры казахского народа в указанный период. Основной целью работы является выявление основных особенностей этнографической работы, проведенной в 1920-е годы в казахском крае. Для написания данной статьи были использованы материалы из фондов Центрального государственного архива Республики Казахстан. Вместе с тем, в центре внимания также оказались статьи авторов, написанные в результате экспедиций периода 1920-х годов. В начале 1920-х годов на уровне Народного комиссариата просвещения Казахской ССР был поднят вопрос об организации этнографической экспедиции в казахские аулы. В результате была создана Казахстанская экспедиция, состоящая из нескольких отрядов Академии наук Советского Союза с целью проведения исследовательских работ в юго-восточных и восточных регионах Казахстана (Жетысу и Восточный Казахстан). В статье проведен анализ экспедиций, проведенных в Юго-Восточном, Восточном, а также Западном (Мангистауском) регионах казахского края в период второй половины 20-х годов XX века. Также на основе архивных материалов были использованы новые ранее неизвестные данные, касающиеся научной деятельности и работы собирателя казахских народных песен А. Затаевича и председателя научной комиссии Народного комиссариата просвещения Казахской Республики А. Чулошникова.

Ключевые слова: казахи Жетысу, Адаевский уезд, традиционная культура, советские этнографы, этнографические экспедиции, исследование культуры казахов.

Кіріспе

Осы тақырыптың тарихнамалық қырларын зерттеу ғылыми әрі әлеуметтік маңызға ие. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, бұл тақырыпқа қатысты ғылыми мәселелерді (мысалы, ғылыми мәселелердің зерттеу дәрежесін, жетістіктері мен кемшіліктерін ашып анықтау) шешуге мүмкіндік береді. Өйткені белгілі бір кезең өткеннен кейін бұрын жасалған зерттеу жұмыстарына талдау жасап, жаңа ғылыми бағыттардың анықталуын қажет етеді. Әлеуметтік жақтан қарайтын болсақ, осындай зерттеу материалдарын өлкетану жұмыстарын жүргізу үшін пайдалану мүмкін деп айтуға болады.

Осы мақаланың мақсаты – Қазақстанда көрсетілген кезеңдегі этнографиялық жұмыстың негізгі ерекшеліктерін айқындау болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу үшін Қазақ Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының (ҚР ОММ) қорларында жинаған материалдар пайдаланылды. Қосымша материал ретінде 1920 жылдары кезеңіндегі экспедициялардың нәтижесінде жазылған авторлардың мақалалары пайдаланылды.

Осы мақаланың аясында отандық этнология ғылымында пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер қолданылады. Осы мақаланы жазғанда, талдау, синтез, сондай-ақ зерттеудің диахрондық әдісі қолданылды. Талдау әдісі белгілі бір зерттеу объектісін бірнеше бөлікке ойша бөліп, әрбір бөлікті жеке зерттеуді, ал синтез талдаудың нәтижесінде ажыратылған бөліктерді (сипаттарды) біріктіріп, қорытынды шығаруды көздейді. Диахрондық әдіс дегеніміз белгілі бір құбылыстың хронологиялық дамуын немесе белгілі бір өңірдің тарихындағы кезеңдердің, дәуірлердің ауысуын зерттеу болып табылады.

Талқылаулар мен нәтижелер

Осы тақырыптың тарихнамалық аспектілеріне бірқатар зерттеушілер қозғаған. Кеңес Одағы кезінде осы мәселенің жекелеген қырларын қозғайтын бірқатар еңбектердің шыққанын айта кету жөн. Сол кезде қазақ халқының тарихы және этнографиясымен бірқатар зерттеушілер айналысты. Мәселен, 1966 жылы Алматыда Е.А. Масановтың «КСРО-дағы қазақ халқын этнография тұрғысынан зерттеу тарихына очерк» («Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР») (1966) монографиясында XVI ғасырға жататын деректерден бастап, қазақ халқының дәстүрлі

мәдениетіне қатысты әртүрлі еңбектерге талдау жасалған. Ал енді Кеңес Одағы кезеңін айтатын болсақ, аталған кітаптың Кеңес өкіметі тұсындағы қазақ халқының этнографиясын зерттеу тарихына арналған монографияның 3-тарауында Е.А. Масанов біз белгілеген хронологиялық кезеңдегі қазақтардың дәстүрлі мәдениетін зерттеу тарихына байланысты жалпылама пікір-ойын ғана айтты. Мысалы, Кеңес Одағы Ғылым академиясының 1926–1927 жылдары өткізілген экспедицияларын сөз еткенде, Е.А. Масанов экспедиция маршруттарын сипаттап, сонымен шектелді (Масанов, 1966: 292–293). Дегенмен, кітаптың «очерк» деп аталғаны барлық мәселелердің бірқалыпты зерттелуінің көздемейді. Өйткені очеркте жекелеген мәселелер жан-жақты қаралса, кейбір мәселелер жалпылама сипатталады.

Көрсетілген кезеңдегі этнографиялық жұмыстар И.В. Захарованың мақаласында қысқаша қаралған (Захарова, 1998). Оның айтуынша, 1920 жылдары, әсіресе 1930 жылдары кезеңінде этнографиялық зерттеулер революция дейінгі кезеңмен салыстырғанда, тоқтап қалды (Захарова, 1998: 17).

Осы тақырып 1982 жылы жазылған С.Ш. Ахметованың «Қазақстандағы тарихи өлкетану» («Историческое краеведение в Казахстане») (1982) еңбегінің «Қазақ елін зерттеу қауымдастығы – республикадағы өлкетану жұмысының орталығы» («Общество изучения Казахстана – центр краеведческой работы в республике») тарауында да қаралғанын айта кету керек. Бірақ біз айтып отырған тараудың атауына қарағанда, сол тарау жеке өлкетану ұйымының іс-қызметіне арналған (Ахметова, 1982: 80–129).

Сөйтіп, осы тақырыптың жекелеген қырлары Кеңес Одағы кезінде этнографтардың еңбектерінде көрініс тапса да, кейбір мәселелер зерттелмей қалды. Сондықтан белгілі бір дәрежеде осы мақала қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін зерттеудегі олқылықтарды толтырады.

1920 жылдардың бас кезеңінде Қазақ КСР Ағарту халық комиссариатының деңгейінде қазақ ауылдарына этнографиялық экспедиция ұйымдастыру мәселесі көтерілді. Атап айтқанда, 1921 жылғы 23 тамыз күні Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты Бас саяси-ағарту комитетінің (Кирглавполитпросвет) төрағасы А. Кенжин өңірлік саяси-ағарту комитеттері мен олардың қызметкерлерін, сондай-ақ әдебиетшілерді қазақ халқының

дәстүрлі мәдениетіне қатысты этнографиялық деректерді жинауға шақырды: «Алдымызда қазақ халқының төл рухани мәдениетін зерттеу деген өте ауқымды міндет тұр. Осы көлемді міндетті шешер алдында, біздің жұмысымызға өте белсенді түрде қатысуларыңызды өтінеміз. Ең алдымен біз... (осы жерде түсініксіз. – авт.) немесе қазақтың төл әндерін, батыр жырларын, ертегілерін және т.б. жинап қағазға жазамыз. Осы оңай іс-шараның жүзеге асырылуы Сіздерге байланысты. Жұмысқа қатысқанда, өңірлерде өздеріңіз батырлар жырларын, әндер мен өлеңдерді жаза аласыздар; қағазға жазғанда, мүмкіндігінше, ән-күй тарихына қатысты деректерді де жинасаңыздар. Қағазға жазылған мәтіндерді бізге дереу жіберулеріңізді сұраймыз; осында сол материал басып шығару үшін жинақталады. Мәтіндерді Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты Бас саяси-ағарту комитетінің Орынбордағы көркем бөліміне жіберу керек» (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 62-іс. 348-парақ).

Сол кезде Мәскеу қаласындағы мұрағаттардан қазақ халқының тарихы мен этнографиясына қатысы бар құжаттарды жинау мәселесіне назар аударылды. Атап айтқанда, 1921 жылғы 24 қазан күні Ағарту халық комиссариатында Ахмет Байтұрсыновтың төрағалығымен өткен отырыста профессор Арсеньевтің РКФСР-дегі Қазақстанның өкілдігіне жасаған Қазақ АКСР үшін қазақ халқының сыртқы қарым-қатынастарына қатысты мәселелерді зерттеу мақсатында Мәскеу қаласында орналасқан мұрағаттардағы құжаттарды анықтау ұсынысы тыңдалды. Аталған отырыста А.Л. Мелковқа (Басмузейдің¹ уақытша төрағасы) ол Мәскеуге барғанда, проф. Арсеньевпен, сондай-ақ Мәскеу археологиялық институтының Профессорлар кеңесімен осы мәселе туралы пікір алмасуы тапсырылды (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 134-іс. 10-байлам. 1-парақтың с.ж. – 2-парақ)

Осы мәселе 1921 жылғы 3 қарашада Ахмет Байтұрсыновтың төрағалығымен өткен Академиялық орталықтың отырысында да қаралды (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 134-іс. 10-байлам. 3-парақ).

1920 жылдардың бас кезеңінде Кеңес Одағының астанасы Мәскеуде Қазақстанда

¹ Басмузей (орысша «Главмузей») – Ресей Кеңестік Социалистік Федерациялық Республикасы (РКФСР) Ағарту комиссариатының жанындағы Музейлер, өнер, көне заман және табиғат жөніндегі Комитет

этнографиялық зерттеулермен айналыса алатын арнайы бір институт ашу мәселесі көтерілді. Мәскеу қаласында Қазақ зерттеу институтын (Киргизский исследовательский институт) ашу мәселесі Қазақ елін зерттеу қауымдастығы Басшылығының 1921 жылғы 6 қарашадағы отырысында қаралған болатын. Басшылық Мәскеуде аталған институтты ашу ұсынысын қолдап, сонымен қатар Орынборда (бұдан бұрын Орал мен Қостанайдағыдай) Қазақ елін зерттеу қауымдастығының бөлімін ашуды көздейтін шешім қабылдады (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 134-іс. 10-байлам. 6, 8-парақ).

Бірақ Мәскеуде Қазақ зерттеу институты ашылмай қалды. Өйткені Академиялық орталықтың Алқасында осы ұсыныс қабылданбады. Дәлірек айтқанда, 1921 жылғы 15 қарашадағы отырысында Алқаның мүшелері аталған институтты ашпау үшін бірқатар дәлел келтірді.

Біріншіден, қаржылық шығындар себебі, яғни отырысқа қатысқандардың айтуынша, аталған институтты ашу және көзделген зерттеу бағдарламасын түгел орындау үшін Ағарту комиссариатының бюджетінен тым қыруар ақша бөлуді қажет етеді;

Екіншіден, зерттеу бағдарламаларының мазмұны да Алқа мүшелерін онша қанағаттандырмаған жоқ, өйткені «бағдарламалар көбінесе өңірлерде зерттеу жүргізу емес, әдебиеттік анықтама әзірлеу, ал кейбір реттерде тіпті мәні жоқ, шала жұмыстарды жасауды көздейді екен»;

Үшіншіден, Алқаның мүшелері Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты Мәскеуден ғылыми қызметкерлерді тартып, жергілікті мамандардың белсенді түрде қатысуымен Қазақстанның ішіне қарай экспедиция ұйымдастыруды жөн көрді.

Төртіншіден, Алқаның мүшелерінің айтуынша, Қазақ даласын зерттегісі келетін Мәскеу ғылыми қызметкерлері қазақ елін зерттейтін қауымдастықтарды құрып, күш біріктіре алады;

Бесіншіден, қатысушылардың ой-пікірі бойынша, Мәскеу қаласында арнайы институт ашуға қажет жоқ, мәскеуліктердің ғылыми бағдарламаларын қарап шықаннан кейін, олардың өздерін Қазақстанға шақыруға болады (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 134-іс. 10-байлам. 5–5-парақтың с.ж.).

Ақыр аяғында Академиялық орталықтың Алқасы Мәскеу археологиялық институтының Профессорлар кеңесіне келесі зерттеу бағыттары бойынша (қазақ халқының дәстүрлі құқығы, қазақ елінің сыртқы қарым-қатынастары, қазақтардың тарихы) тарихи деректерді қарастыруды өтінді.

1921 жылы Академиялық орталық Алқасының Қазақ өлкесінің этнографиясы мен тарихына арналған отырыс өтті. Сол отырыста өзекті ғылыми-практикалық мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, Қазақ даласының этнографиясы мен тарихына қатысты библиографиялық көрсеткішті әзірлеу мәселесі көтерілді. Осы мәселені шешу үшін Академиялық орталық Петербордағы Румянцев музейіне өтініш жасады. Сонымен қатар, аталған орталық Мәскеу археологиялық институтына бірнеше ғылыми бағыттар («қазақтардың сыртқы мәдениеті», қазақтың дәстүрлі құқығы, Мәскеу мұрағаттарының деректері бойынша қазақ халқының тарихы, қазақтардың арасында этнографиялық материалдар жинауға арналған бағдарлама) бойынша жұмыс жасай алатын білікті мамандарды ұсынуды өтінді (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 134-іс. 10-байлам. 11-парақ).

Көрсетілген кезеңде Қазақстан аумағы бойынша этнографиялық мәліметтерді жинастыруды да көздейтін кешенді экспедиция өткізу мәселесі қаралған. Дәлірек айтқанда, 1921 жылғы 29 сәуірде Қазақ КСР Ағарту халық комиссариатының алқасында «Проф. С.И. Руденконың Қазақ өлкесіне ұйымдастырылатын экспедициясына жәрдем беру туралы» («О необходимости оказания поддержки экспедиции проф. С.И. Руденко в Киргизский край») деген баяндама талқыланғаннан кейін келесі шешім қабылданды: «Экспедиция барысында қойылған талаптар сәтті орындалуы үшін 7–8 адамға мандат беру, экспедицияға екі аудармашыны жіберіп, азық-түлік үлесін беру арқылы экспедицияға қажетті әрі ықтимал көмек көрсетілсін; Қостанай, Торғай және Ырғыз атқару комитеттеріне жергілікті қазақтардың экспедицияға байланысты ешқандай қатысы жоқ, сол себепті олар ат пен азық-түлік беруге міндетті емес екені туралы хабар берілсін; экспедицияда жұмыс жасау үшін Ғылыми сектордың қызметкері А. Чулошников жіберілсін» (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 47-іс. 9-парақ).

1926 жылғы 27 мамыр – 1 шілде аралығында С.И. Руденконың жетекшілігімен КСРО Ғылым академиясы Қазақстан экспедициясының Антропология жасағы Батыс Қазақстанда (Ойыл мен Жем (Ембі) өзендерінің арасындағы аумақ) экспедициялық зерттеулер жасады. Экспедиция барысында жасалған зерттеулердің нәтижесінде «Қазақтар. Антропологиялық очерктер...» (Қазаки. Антропологические очерки...) (1927) деген мақалалар жинағы жарық көрді. Осы тоғыз

мақаладан тұратын жинақта үш мақала археология, екі мақала антропология, ал қалған төрт мақала этнография мәселелеріне арналған. Мысалы, А. Самойловичтің «“Қазақ” сөзі жайлы» («О слове “казак”») атты жұмысында (Казаки. Антропологические очерки..., 1927: 5–16) қазақ халқының этникалық тарихына байланысты мәселе талданған. Атап айтқанда, автордың айтуынша, «казак» сөзі әуелде әлеуметтік термин болған, көрсетілген термин кейін ғана эндоэтнонимге айналды (Казаки. Антропологические очерки..., 1927: 15–16). Ф. Фиельструптың «Батыс Қазақстан аумағындағы малшылық пен көшпелі өмір салты» («Скотоводство и кочевание в части степей Западного Казахстана») мақаласында жартылай көшпелі және көшпелі қазақтардың шаруашылығындағы айырмашылықтар анықталған: «Екі топта бір уақытта этнографиялық зерттеулер бағдарламасының орындалуы адай руына жататын көшпелі қазақтар тұрмысы мен олардың жартылай көшпелі қандастардың тұрмысының арасындағы табиғи айырмашылықтарды айқын көрсететін ақпарат берді» (Казаки. Антропологические очерки..., 1927: 78). А.Н. Глуховтың «Адай руына жататын қазақтардың және Ақтөбе қазақтарының қысқы тұрғын үйлері» («Зимнее жилище актюбинских и адаевских казаков») деген жұмысында қыстау салу, кірпіш жасау техникасы, үйдің ішіндегі жиһаз (кебеже, сандық, төртаяқ және т.б.) сипатталған. Жинақтағы Е.Р. Шнейдердің «Қазақтың ою салу өнері» («Казакская орнаментика») мақаласында қазақтың дәстүрлі өнерлері мен кәсіптері талданған: «Қазақ халқы шығармашылық күш-жігерін жұмсаған өнерлер осы: киіз басу, киіз безендіру, киіз бастырмасы, кесте тігу, өрме кілемше жасау, тоқымашылық, тас пен ағашқа, сондай-ақ сүйекке ою-өрнек жасау және зергерлік» (Казаки. Антропологические очерки..., 1927: 136). Атап айтқанда, Е.Р. Шнейдер өнер түрлерін, ерекшеліктерін, жасалу техникасын зерттеп шықты. Мысалы, мақалада қабір ескерткіштерін жасау процесімен бірге қабір ескерткіштері өңделген кезде қолданылатын құралдар мен керек-жарақтар егжей-тегжейлі, нақты түрде сипатталған (Казаки. Антропологические очерки..., 1927: 141–143).

1926 жылғы қаңтар айында Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс өңірлерінде (Жетісу мен Шығыс Қазақстан) зерттеу жұмыстарын жасау мақсатында Кеңес Одағы Ғылым академиясының бірнеше жасақтан

тұратын Қазақстан экспедициясы құрылса да, экспедицияның өзі сол жылдың 4 мамыр – 1 қыркүйек аралығында өткізілді. Экспедиция аясында мал шаруашылығын зерттеу жөніндегі арнайы жасақ қалыптастырылды. Жұмыстар графигі бойынша, ең алдымен Жетісудағы қазақтардың мал шаруашылығының, ал сосын Семей губерниясының мал шаруашылығының зерттелуі жоспарланды. Жұмыстардың соңғы кезеңінде Батыс Қазақстанда зерттеулердің жүргізілуі көзделген. Экспедицияға қатысушылар 1926 жылғы 4 мамырда Фрунзеде (қазіргі Бішкек) жолығып, Қордайдан арқылы мамырдың 18-інде Алматыға жетті. Айдың 27-сінде экспедицияға қатысушылар Алматыдан солтүстікке қарай шығып, Іле өзенінен өткен соң солтүстік-батыстағы Кербұлаққа қарай бұрылды да, жалайыр руына жататын қазақтардың мал шаруашылығын зерттеуге кірісті. Кейін экспедициялық жұмыстар Лепсі ауданында жалғасын тапты. Бұл ретте экспедицияны ұйымдастырушылар қазақтың рулық құрымына ерекше назар аударды: «Жетісуда тұратын қазақтардың руларын жалпы зерттеп, сол әрбір рудың қай жерді мекендейтінін және көшпелі бағыттарын (яғни жыл сайын жазықтан тауларға қарай және керісінше таулардан жазыққа қарай көшу жолдарының бағыттары; бағыт жолдары көбінесе қатаң сақталған) анықтады. Сондай-ақ сол аймақты мекендеген қазақ руларының мал шаруашылығына жалпылыма сипаттама берді» (Добржанский, Лус, Медведев, 1927: 5). Экспедицияға қатысушылар сол аймақты мекен еткен тек жалайыр руын ғана емес, сондай-ақ, матай, садыр, қаракерей руларына жататын қазақтардың да қыстаулары мен мал шаруашылығын зерттеп шықты. Зерттеушілер 1926 жылғы тамыз айының басында Лепсі ауданынан Алматыға қайтып, екі топқа бөлінді: бір тобы шығыс пен оңтүстік-шығысқа (Талғардың маңындағы Таушілік өзені), екінші тобы батыстағы Қастекке қарай жылжыды. Осы экспедицияның барысында экспедицияға қатысушылар албан мен шалақазақ руларының кейбір ерекшеліктерін де зерттеп шыққан: «Біз айтып отырған ауданды (сол кездегі Асы-Шілік ауданы. – авт.) мекендейтін албандар мен шалақазақтар басқа өңірдегі қазақтардан қатты ерекшелінеді. Бұлар көшпелілерге тән кейбір ерекшеліктерін мүлдем жоғалтқан...» (Добржанский, Лус, Медведев, 1927: 13).

Аталған экспедиция жасаған жұмыстары бойынша 1927 жылы Ф.Г. Добржанский,

Я.Я. Лус және Н.Н. Медведевтің авторлығымен төрт мақала қамтитын «Қазақстан оңтүстік-шығыс аумағының үй жануарлары» (Добржанский, Лус, Медведев, 1927) деген мақалалар жинағы жарық көрді, атап айтқанда, кітаптағы Ф.Г. Добржанскийдің «Жетісу көшпелілерінің жылқылары» («Лошадь кочевого населения Семиречья») мақаласында автор жылқыларға қатысты әртүрлі мәліметтерді келтіріп, Жетісуда тұрған қазақтар мен орыстардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың кейбір қырларына тоқталған. Мысалы, оның айтуынша, қазақтар мен орыстар көршілес тұрса да, олар бір-біріне жылқы сатқан жоқ: «Қоныс аударған орыстардың жылқылары жергілікті халыққа ұнамайтын; қазақтың жылқылары да орыстарға ұнамайтын. Қазақтар жылқының тебіндік-далалық болуын, сондай-ақ бие сүттілігінің жоғары болуын немесе аттың жүйріктігін қалаған. Сондықтан орыс шаруаларының жылқыларын көшпенділер алмайтын...» (Добржанский, Лус, Медведев, 1927: 23). Я.Я. Лустың «Жетісу көшпелілерінің ірі қара малы» («Крупный рогатый скот кочевого населения Семиречья») еңбегінде автор көшпенділер ежелден бері ірі қара мал өсіргенін мойындай отырып, ірі қара малдың қалмақ мал тұқымын (қалмыцкая порода) қазақтар қоныс аударған орыс шаруаларынан алғанын жазды (Добржанский, Лус, Медведев, 1927: 133–134). Өзінің «Жетісу қазақы қойы» («Семиреченская курдючная овца») деген басқа мақаласында Я.Я. Лус көшпенділердің шаруашылығындағы қазақы құйрықты қойларының маңыздылығы мен ерекшеліктерін көрсетті (Добржанский, Лус, Медведев, 1927: 216). Н.Н. Медведевтің «Жетісу көшпелілерінің ешкілері» («Қоза кочевого населения Семиречья») көшпелілердің шаруашылығында ешкілерді өсіріп пайдалануға қатысты толық мәліметтер жазып көрсеткен (Добржанский, Лус, Медведев, 1927: 292–327).

Жоғарыда айтылған Семей губерниясының аумағында өткізілуге жоспарланған зерттеулер КСРО Ғылым академиясының жұмыстар графигінің бір бөлігі еді. Қазақстанның көшпелі шаруашылығын зерттеуге байланысты жұмыстар 1926 жылы оңтүстік-шығыс Қазақстанда басталып, 1927 жылғы жаздыгүні Семей губерниясының оңтүстік жағында (солтүстік ендіктің елуінші градусынан оңтүстікке қарай), яғни Қарқаралы, Семей, Зайсан және Бұқтырма уездерінде жалғасын тапты. Атқарылған жұмыстардың нәтижесі ретінде 1928 жылы Ленинградта Ф.Г. Добржан-

ский, Я.Я. Лус, Б.П. Войтяцкий, Н.Н. Колесник және Н.Н. Медведевтің мақалаларынан тұратын «Семей губерниясының үй жануарлары. Ірі қара мал мен қой-ешкілер» (Добржанский, Лус, Войтяцкий, Колесник, Медведев, 1928б) деген мақалалар жинағы жарияланды. Аталған еңбекте сол кезде Шығыс Қазақстанда көшпелі шаруашылығындағы ірі қара мал, қазақы қойлары туралы толыққанды мәліметтер берілген. Соған қоса, қазақ халқының этникалық тарихына қатысты ақпарат та келтірілген. Мысалы, Я.Я. Лус пен Н.Н. Колесниктің «Семей губерниясындағы көшпелілердің ірі қара малы» («Крупный рогатый скот кочевого населения Семипалатинской губернии») деген мақаласында қазақтардың Моңғолия (Бұқтырма уезінен) мен Қытайға (Зайсан уезінен) көшу себептері мен мән-жайлары ашылған (Добржанский, Лус, Войтяцкий, Колесник, Медведев, 1928б: 10).

Ф.Г. Добржанский, Я.Я. Лус, Б.П. Войтяцкий, Н.Н. Колесник және Н.Н. Медведев авторлығымен 1928 жылы шыққан «Семей губерниясының үй жануарлары. Жылқылар, маралдар» (Добржанский, Лус, Войтяцкий, Колесник, Медведев, Ч. I, 1928а) мақалалар жинағында қызықты этнографиялық мағлұматтардың бар екендігін айта кету керек. Мәселен, көшпелі бағыттар мәселесі сөз етілгенде, авторлар келесі фактіге назар аударды: «Губернияның далалық жағында әрбір рудың тіпті әрбір ауылдың көшпелі жолдары таулардағыдай дәл белгіленген. Әрбір ауыл жыл сайын шамамен бір уақытта белгілі шатқалға көшіп келіп орналасады. Және ешкім басқа елдің қонысы болып табылатын жерге орналасып, малын баға алмайды» (Добржанский, Лус, Войтяцкий, Колесник, Медведев, Ч. I, 1928а: 7).

1926 жылы КСРО Ғылым академиясы Адай уезінде (қазіргі Маңғыстау облысы) арнайы экспедиция ұйымдастырды. Осы экспедиция қорытындылары бойынша, «Адай уезі ауыл шаруашылығының ерекшеліктері» атты КСРО Ғылым академиясы Қазақстан экспедициясы Топырақ-ботаникалық жасағының жұмыстары туралы Есебі жасалды (Ищенко, Казбеков, Ларин, Щелоков, 1928). Экспедицияның жұмыстары агрономиялық және шаруашылық зерттеулерді (егіншілік, малшылық, сондай-ақ Адай уезіндегі көшпелі шаруашылықтардың ерекшеліктері) қамтитын бағдарлама бойынша ұйымдастырылды. Аталған экспедицияның Топырақ-ботаникалық жасағы келесі практикалық сұрақтарды әзірледі, атап айтқанда:

– Адай уезі шаруашылығының ерекшеліктеріне қарай, ауыл шаруашылық жерлерінің негізгі түрлерін зерттеу;

– топырақ пен өсімдіктер аудандары картасына байланысты әртүрлі жер-су алқаптарының шекарасын анықтау;

– әрбір аудан және жалпы алғанда уез бойынша жем мөлшері мен оның сапасын анықтап тексеру;

– байырғы мелиорацияға жарайтын жерлерді анықтау және алдын ала бағалау;

– ауыл шаруашылығы жерлерінің пайдаланылуына байланысты уездегі шаруашылықтың құрылымы мен шаруашылықты жүргізу техникасын зерттеу;

– шаруашылықтағы жерлер айналымын зерттеу (Ищенко, Казбеков, Ларин, Щелоков, 1928: 9).

Жалпы алғанда, аталған экспедицияның барысында қазақтың дәстүрлі шаруашылығына, көшпелі өмір салтына, мал шаруашылығына қатысты, қабір ескеркіштеріне қатысты көп материал жиналды. Авторлар көшпелі тұрмыстың болашағы туралы ой-пікірлерін де білдіріп жазған (Ищенко, Казбеков, Ларин, Щелоков, 1928: 90–91).

Біз айтып отырған кезеңде Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс жерлерінде (Жетісу мен Шығыс Қазақстан) жоғарыда аталған экспедициялық жұмыстар жүргізілгенде, белгілі ғалым этнографтардың бірі М. Тынышпаевтың экспедицияға қатысушылар үшін кеңесшілік қызмет жасағаны мәлім. Соған қоса, экспедиция барысында М. Тынышпаев жинаған тарихи материалдар да пайдаланылды. Экспедицияға қатысушылардың өздері соны мойындаған: «Осында көрсетілетін рулардың атаулары М. Тынышпаевтің «Қазақ халқының тарихына қатысты мәліметтер» («Материалы к истории киргиз-казакского народа») кітабының негізінде және ішінара аталған автордың өзінің айтқаны бойынша жүйеге келтірілген» (Добжанский, Лус, Медведев, 1927: 5).

М. Тынышпаевтің жоғарыда аталған еңбегі 1925 жылы Ташкентте жарияланды (Тынышпаев, 1925). Осы кітапта этнография мәселелеріне «Қазақ руларының шежіресі» («Генеалогия казак-киргизских родов») деп аталатын тарау арналған. Сол тарауда автор қазақ халқының этникалық құрамына талдау жасады. Қазақстан, Ресей, Украина сияқты елдердің топонимдері мен қазақ рулары атауларының арасындағы арақатысын белгілеп, М. Тынышпаев қазақ руларының қайдан шыққанын анықтауға тырысты. Соны-

мен қатар, қырғыздар, өзбектер, қарақалпақтар, түрікмендер, ноғайлар, башқұрттар, татарлар сияқты бауырлас халықтардың этникалық құрамын талдаған соң, зерттеуші қазақтарда да, белгіленген халықтарда да найман, үйсін, қаңлы, қыпшақ, жалайыр, арғын, қоңырат және т.б. ру атауларының кездесетінін жазды (Тынышпаев, 1925: 46–47).

1920 жылдардың бас кезеңінде Қазақстандағы ең мықты зерттеуші этнографтардың бірі қазақтың халық әндерін жинаған А. Затаевич еді. Сол кезде Қазақстан үкіметінің деңгейінде А. Затаевичтің ғылыми қызметіне, жасаған жұмыстарына жоғары баға берілді. Мысалы, 1921 жылғы 9 мамыр күні Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты Алқасының отырысы болып өтті. Отырыста А.В. Затаевич жинап, жазып алған домбыра шерткенде орындалатын қазақтың халық әндерін тыңдап, қабылдау үшін Ағарту халық комиссары Ахмет Байтұрсыновтың төрағалығымен құрылған арнайы комиссияның баяндамасы тыңдалды. Аталған отырыста келесі шешім қабылданды: «Қазақтың халық ән-күй шығармаларын жинау, жазу және басып шығару Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариатының жаңадан құрылған Ән-күй бөлімі жұмыстарының іргетасы болып табылады деп санап, өзге жақтан, Комиссия қабылдаған жазуларды жолдас Затаевич дәл әрі дұрыс жасаған, ал кейбір кездескен қателерді Комиссия мүшелерінің нұсқауымен жинаушының өзі түзеді деген Комиссияның сенімді растамасына қарап, соған қоса, Затаевичке оның арнайы еңбегі, мәтінсіз күй жазғаны үшін Комиссия тағайындаған 8000 сом және домбыралы пьеса жазғаны үшін сом төленетін қаламақы; егер осындай жағдайларда РСФСР Ағарту халық комиссариатының Орталық ән-күй бөлімі төлейтін қаламақымен салыстырғанда, өте, тым көп деп айтуға болмайды деген байламға келіп, Ағарту халық комиссариатының Алқасы келесі шешім шығарды: Қазақ АССР-інің ағарту халық комиссары немесе оның орынбасары аталған Ән-күй комиссиясының ұсынысы бойынша жолдас Затаевичке жоғарыда белгіленген нормаларға сәйкес ақша төленсін» (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 47-іс. 12-парақ).

Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты Алқасының 1921 жылғы 1 желтоқсан күні өткен отырысында А. Затаевич қазақтың халық әндерін жинауға қатысты жұмысы туралы баяндама жасағаннан кейін «жолдас Затаевичтің еңбегі Қазақ АКСР үшін өте құнды» болғасын:

а) А. Затаевичке аталған салада жұмыстарын жалғастыруы;

б) төлем жасау үшін мүмкіндігінше барынша жоғары тарифті қолданып, А. Затаевич жазған еңбегінің қайтадан қаралуы;

в) жалпы алғанда, жинақтың жоғары құндылығын мойындай отырып, атап айтқанда, ішінде 300 өлеңі бар жинақтың бірінші бөлігін қайтарсын деп, Алқа атынан Мәскеу археология институтының ректорына хат жазып, соның барлық бөліктері Академиялық орталықтың (Акцентр) Ән-күй бөліміне (Музо) тапсырылуы үшін қажетті шара қолданылуы;

г) автормен бірігіп, жинақтың басып шығару орнын алдын ала жоспарламай, «Госиздатқа» тапсырып, әжептәуір кітап түрінде шығарылуын қамтамасыз етіп, жинақтың шығарылуы ұсынылды (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 48-іс. 61-парақ).

Мұрағаттық мәліметтерге қарағанда, 1920 жылдардың бас кезеңінде Қазақстан республикалық билігінің этнографиялық зерттеулерді ынталандырғанын айта кету жөн. Атап айтқанда, 1921 жылғы 24 қараша күні Академиялық орталық Алқасының отырысында Қазақ халқының орыс бодандығына кіргеннен кейінгі тарихын зерттеу мақсатында Петербург қаласындағы мұрағаттарда жұмыс жасау мәселесі талқыланды. Талқылаудың нәтижесінде осы жұмыс А.П. Чулошниковқа тапсырылды. Сол үшін А.П. Чулошниковтың «бір үзім нанды қайдан табамын деп, ғылымнан қол үзбей, бар күш-жігерін ғылыми жұмысқа салуына мүмкіндік беру үшін» 1921 жылғы 1 қыркүйектен бастап, оған ай сайын 1 млн сом ақша төленетін болды (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 134-іс. 10-байлам. 9–9-парақтың с.ж.).

Біз айтып отырған кезеңде А. Чулошников Қазақ Республикасы Ағарту халық комиссариаты Ғылыми комиссиясының төрағасы ретінде (1920 жылғы 1 мамырдан бастап) (ҚР ОММ, 81-қор. 1-тізімдеме. 7-іс. 103-парақтың с.ж.) Қазақ елін зерттеу қауымдастығының (Общество изучения Киргизского края) іс-қызметін үйлестірумен айналысқан. Мысалы, Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты Ғылыми секторының 1921 жылғы 16 шілдедегі отырысында А.П. Чулошников Қостанай қаласында Қазақ елін зерттеу қауымдастығының (Общество изучения Киргизского края) ашылғанын айтты (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 175-іс. 8-парақ). Ал 1920 жылғы 1 желтоқсанда Қазақ елін зерттеу қауымдастығы ашылғанда, А.П. Чулошников

«Тарих ғылымындағы қазақ халқының шығу тегі мәселесі және қазақтың халық аңыздары соны бұдан әрі зерттеу дереккөздері ретінде» («Вопрос о происхождении киргизской (казакской) народности в исторической науке и народные казакские предания как источник дальнейшего его освещения») (Чулошников, 1924: 249–284) атты баяндама жасады. А.И. Левшин, Г.Н. Потанин, Н.А. Аристов сияқты орыс зерттеушілері келтірген тарихи аңыздарды талдай отырып, А.П. Чулошников қазақтың ел аузындағы аңыздарын тез арада, жүйелі түрде қағазға жазу маңыздылығын ерекше айтып өтті (Чулошников, 1924: 284).

1924 жылы Орынбор қаласында А.П. Чулошниковтың «Басқа түркі халықтарының ортақ тарихи тағдырына байланысты қазақ елінің тарихы бойынша очерктер» («Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен») (Чулошников, 1924) кітабы жарық көрді. Автордың осы еңбегі Мәскеу археология институтының Орынбор бөлімшесінде берілген дәрістердің негізінде жазылғанын айта кету керек. Он тараудан тұратын кітабында А.П. Чулошников Қазақстан аумағындағы ежелгі дәуірден бастап құрылған мемлекеттер мен ұлыстарға байланысты әртүрлі мәселелер, яғни бұлардың тарихы, мәдениеті, түркілердің арасындағы исламның таралуы мен оның ерекшеліктері, қазақ халқының қалыптасуы және т.б. мәселелерді талдай отырып, қазақ халқының тарихына қатысты маңызды, іргелі мәселелерге тоқталады. Мысалы, Ұлы даладағы халықтардың көшпелі өмір салтын сөз еткенде, автор соның қатып қалған құбылыс емес екеніне көңіл аударды: «Өткеннен қалған фактілерді бір-бірімен салыстырғанда, көшпелі өмір салты барлық уақытта біркелкі болмай, елеулі өзгерістерден өткенін айқын көрсетеді; сондықтан оны қатып қалған, дамымайтын дүние деп айту мүмкін емес» (Чулошников, 1924: 167).

Қазақстандағы этнографиялық зерттеулердің ғылыми-әдістемелік негіздерімен Қазақстан Ағарту халық комиссариатының қызметкері айналысқан. Атап айтқанда, «Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты бөлімдерінің 1921 жылы жасаған жұмысы туралы баяндамалары» («Доклады отделов Кирнаркомпроса о своей работе в 1921 году») бойынша, 400 астам беттен тұратын «баспаға әзірленген, ықшам, қазақ халқының ғылыми-көпшілік сипаттағы ежелгі және

орта ғасырлар кезеңіндегі тарихына қатысты еңбек» дайындалды. Сонымен қатар, «қазақтың көптеген халық әндері мен ойындары, қазақтың бірталай оюлары қағазға түсірілді», қазақтың ауыз әдебиеті мұраларын жинау және өңдеу жұмыстары және этнографиялық зерттеулердің әдістемелік қамтамасыз ету мәселесіне қатысты жұмыстар атқарылды. Дәлірек айтқанда, Қазақ даласының этнографиясын зерттеуге арналған бірқатар сауалнама мен Этнографиялық материал жинау Нұсқаулығы (Инструкция по соби- ранию этнографического материала) (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 57а-іс. 7–7-парақтың с.ж.) әзірленді. Ағарту халық комиссариаты бөлімдері этнографиялық жұмыстары хрестоматия- оқулықтарды жазуда көрініс тапты: «...І дәрежелі мектептер үшін этнографияға және І дәрежелі мектептер үшін Қазақ даласының жаратылыстануы, тарихы және этнографиясына, сондай-ақ Қазақ даласының тарихына арналған

хрестоматиялар дайындалды» (ҚР ОММ. 81-қор. 1-тізімдеме. 57а-іс. 7-парақтың с.ж.).

Қорытынды

1920 жылдардың бас кезеңінде Қазақстанда республиканың билік органдары деңгейінде этнографиялық жұмыстарды күшейту мәселесі қойылды. Осы мәселе Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариатында бірнеше рет қаралды. Нәтижесінде 1920 жылдардың екінші жартысынан бастап Қазақстанның батыс (Маңғыстау, Ақтобе өңірлері), оңтүстік-шығыс (Жетісу) және шығыс (Семей) территориялары бойынша кешенді ғылыми экспедициялар ұйымдастырылды. Жоғарыда аталған экспедициялардың барысында қазақ халқының тарихы мен этнографиясына байланысты әртүрлі мәліметтер (шаруашылық, тұрғын жайлар, қабір ескерткіштері және т.б.) жиналды.

Әдебиеттер

- Ахметова С.Ш. (1982). Историческое краеведение в Казахстане. Алма-Ата: Казахстан, 168 с.
- Добржанский Ф.Г., Лус Я.Я., Войтыцкий Б.П., Колесник Н.Н., Медедев Н.Н. (1928а). Домашние животные Семипалатинской губернии. Ленинград: Издание АН СССР, Ч. I. Лошадь, марал. 242 с.
- Добржанский Ф.Г., Лус Я.Я., Войтыцкий Б.П., Колесник Н.Н., Медедев Н.Н. (1928б). Домашние животные Семипалатинской губернии. Ленинград: Издание АН СССР, Ч. II. Крупный и мелкий рогатый скот. 354 с.
- Добржанский Ф.Г., Лус Я.Я., Медедев Н.Н. (1927). Домашние животные юго-восточной части Казакстана (Семиречья). Ленинград: Издание АН СССР, 328 с.
- Захарова И.В. (1998). Этнографическая работа в Казахстане в 1920-1950-х годах. Этническая история тюркских народов Сибири и сопредельных территорий. Омск. С. 11–18.
- Ищенко М.М., Казбеков И.С., Ларин И.В., Щелоков Б.К. (1928). Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Отчет о работах почвенно-ботанического отряда Казахстанской экспедиции Академии наук СССР. Исследование 1926 г. Ленинград: Издание АН СССР, Вып. VI. 217 с.
- Казакки. Антропологические очерки: материалы Особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. (1927). под ред. С.И. Руденко. Ленинград: Издание АН СССР, Вып. 11. Серия казахстанская. 258 с.
- Труды Оренбургского общества изучения Киргизского края (1921). Оренбург: Типография М.Н. Махова, 111 с.
- Тынышпаев М. (1925). Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент: восточное отделение Киргизского государственного издательства, 64 с.
- Чулошников А.П. (1924). Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Оренбург: Киргизское государственное издательство, Ч. I. Древнее время и средние века. 290 с.
- Халық ағарту комиссариаты бұйрықтары, жұмыс жоспарлары, мәжілістің хаттамалары / Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ). 81-қор. 1-тізімдеме.

References

- Akhmetova S.Sh. (1982). Istoricheskoye krayevedeniye v Kazakhstane [Historical regional studies in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazakhstan, 168 s.
- Dobrzhansky F.G., Lus Ya.Ya., Voytyatsky B.P., Kolesnik N.N., Mededev N.N. (1928a). Do-mashniye zhiivotnye Semipalatinskoy gubernii [Pets of the Semipalatinsk province. Horse, maral]. Leningrad: Izdaniye AN SSSR, Ch. I. Loshad, maral. 242 s.
- Dobrzhansky F.G., Lus Ya.Ya., Voytyatsky B.P., Kolesnik N.N., Medvedev N.N. (1928b). Do-mashniye zhiivotnye Semipalatinskoy gubernii [Pets of the Semipalatinsk province. Large and small cattle]. Leningrad: Izdaniye AN SSSR, 1928. Ch. II. Krupny i melky rogayty skot. 354 s.
- Dobrzhansky F.G., Lus Ya.Ya., Medvedev N.N. (1927). Domashniye zhiivotnye yugo-vostochnoy chasti Kazakstana (Semirechya) [Pets of the southeast of Kazakhstan (Semirchye)]. Leningrad: Izdaniye AN SSSR, 328 s.
- Zakharova I.V. (1998). Etnograficheskaya rabota v Kazakhstane v 1920-1950-kh godakh [Ethnographic work in Kazakhstan in 1920-1950]. Etnicheskaya istoriya tyurkskikh narodov Sibiri i sopredelnykh territory. Omsk, S. 11–18.
- Ishchenko M.M., Kazbekov I.S., Larin I.V., Shchelokov B.K. (1928). Osobennosti selskogo kho-zyaystva Adayevskogo uyezda. Otchet o rabotakh pochvenno-botanicheskogo otryada Kazakhstanskoy ekspeditsii Akademii nauk SSSR. Issledovaniye 1926 g.

[Features of agriculture of the Adaev district. Report on the works of the Soil and Botanical Detachment of the Kazakhstan Expedition of the Academy of Sciences of the USSR. Study 1926] Leningrad: Izdaniye AN SSSR, Vyp. VI. 217 s.

Kazaki. Antropologicheskiye ocherki: materialy Osobogo komiteta po issledovaniyu soyuznykh i avtonomnykh respublik (1927). pod red. S.I. Rudenko [Kazakhs. Anthropological essays: Materials of a special committee for the study of the Union and Autonomous Republics. Ed. S.I. Rudenko]. Leningrad: Izdaniye AN SSSR, Vyp. 11. Seriya kazakhstanskaya. 258 s.

Trudy Orenburgskogo obshchestva izucheniya Kirgizskogo kraya (1921). [Proceedings of the Orenburg Society for the Study of the Kazakhs Territory]. Orenburg: Tipografiya M.N. Makhova, 111 s.

Tynyshpayev M. (1925). Materialy k istorii kirgiz-kazakskogo naroda [Materials for the history of Kazakh people]. Tashkent: vostochnoye otdeleniye Kirgizskogo gosudarstvennogo izdatelstva, 64 s.

Chuloshnikov A.P. (1924). Ocherki po istorii kazak-kirgizskogo naroda v svyazi s obshchimi istoricheskimi sudbami drugikh tyurkskikh plemen [Essays on the history of the Kazakh people in connection with the general historical destinies of other Turkic tribes]. Orenburg: Kirgizskoye gosudarstvennoye izdatelstvo, Ch. 1. Drevneye vremya i sredniye veka. 290 s.

Hakyk agarty komissariyaty buiryktary, jumys josparlary, majilistin hattamalary / Kazakstan Respublikasynyn Ortalyk memleketik muragaty (KR OMM) [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)]. 81-kor. 1-tizimdeme.